

«БЕКІТЕМІН»
**ҚР БҒМ «Ұлттық ғылыми-
практикалық дене тәрбиесі
орталығы» РМҚК**
Бас директоры



С. Садықов
2022 ж.

**«ДЕНЕ ТӘРБИЕСІ» ПӘНІ БОЙЫНША ОҚУШЫЛАР
ОЛИМПИАДАСЫН ӨТКІЗУ
ЕРЕЖЕСІ**

**Нұр-Сұлтан қаласы,
2022 жыл**

1. Мақсаты мен міндеттері:

1.1 Жалпы орта білім беру мекемелерінің оқушылары арасында «Дене тәрбиесі» пәнін танымал ету және беделін арттыру, оқушыларға қазіргі өмірде қажетті теориялық білім мен тәжірибелік дағдыларды жетілдіру.

- мектептің білім беру бағдарламасы аясында оқушылардың мектеп тәжірибесін байыту;
- дене шынықтырумен жүйелі шұғылдануға тұрақты қызығушылық пен қажеттілікті тәрбиелеу;
- өңірлік мектептердегі спорт түрлерін дамытудың деңгейін арттыру;
- оқушыларды дене тәрбиесі мен спорт арқылы достыққа тарту.

2. Олимпиаданы өткізуге басшылық

2.1 Олимпиаданы ұйымдастыру және өткізу бойынша жалпы басшылықты ұйымдастыру комитеті жүзеге асырады:

- ҚР Білім және ғылым министрлігінің «Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы» РМҚК (бұдан әрі - ҰҒПДТО);
- Олимпиаданы өткізу жөніндегі тікелей басшылық ҰҒПДТО бекітетін төрешілер алқасына жүктеледі.

3. Олимпиада қатысушылары

3.1 Олимпиадаға жалпы білім беретін мектептердің, гимназия және лицейлердің 5-8 сынып оқушылары қатыса алады.

3.2 «Дене тәрбиесі» пәні бойынша республикалық Олимпиадасына (одан әрі – Олимпиада) екі топ арасында өткізіледі.

1-топ: 5-6 сынып – 6 оқушы (3 ұл, 3 қыз);

2-топ: 7-8 сыныбы – 6 оқушы (3 ұл, 3 қыз).

3.3 Республикалық олимпиадаға қатысуға бір мектептің құрама командасы қатыса алады.

Мандаттық комиссияға төмендегі құжаттар тапсырылады:

1. Олимпиадаға өтінім (*қосымша 1*);
2. Туу туралы куәлігі (түбнұсқасы);
3. Олимпиада қатысушысының жеке карточкасы (*қосымша 2*);
4. Сақтандыру полисі болуы тиіс.

4. Олимпиаданы өткізу тәртібі мен мерзімі

4.1 2022 жылдың 11-15 мамыр күндері Нұр-Сұлтан қаласында «Дене тәрбиесі» пәні бойынша оқушылар Олимпиадасы өткізіледі.

- 11 мамыр – командалардың келу күні;
- 15 мамыр – командалардың қайту күні.

4.2 Олимпиаданың тапсырмалары оқушылардың екі жас тобы бойынша ұлдар және қыздар арасында бөлек өткізіледі. Әр оқушы олимпиаданың барлық тапсырмаларына қатысады.

5. Конкурстық сынақтардың мазмұны

5.1 Теориялық бөлімнің мазмұны тиісті оқу бағдарламасы «Дене тәрбиесі» пәні бойынша оқушылардың білім деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес келеді және келесі бөлімдерді қамтиды (ұзақтығы 45 минут):

- * Дене тәрбиесі пәнінің теориялық білім негіздері;
- * Қазақстан спорт саласы бойынша даму тарихы;
- * Дене шынықтыру және спорт тарихы;
- * Олимпиадалық қозғалыс тарихы;
- * Өмір қауіпсіздік негіздері\бөлім бойынша.

5.2 Теориялық бөлім тапсырмаларын орындау тәртібі:

- * ұлдар мен қыздар тапсырманы бірге орындайды;
- * қатысушылар тапсырманы орындау үшін барлық қажеттіліктермен қамтамасыз етіледі (автоқалам, сұрақнама);
- * тапсырманы орындау кезінде ұялы телефондар мен басқа да байланыс құралдарын пайдалануға, сондай-ақ қатысушылар арасындағы байланысқа рұқсат етілмейді;
- * алдыңғы тармақты бұзу әр ескерту үшін бағаны 1 баллға төмендетумен айыппұл салынады.

5.3 «Іс-тәжірибе» бөлімі «дене тәрбиесі» бағдарламасының негізгі бөлігінің жаттығуларын орындау болып табылады: гимнастика, жеңіл атлетика, спорттық ойындар (баскетбол, волейбол, футбол).

5.4. Гимнастика

Конкурстық тапсырма "Дене шынықтыру" пәні бойынша жалпы білім беретін мектептердің бағдарламасына кіретін элементтерден барлық жастағы ұлдар мен қыздарға арналған акробатикалық комбинацияны орындаудан тұрады.

Барлық жас топтарындағы акробатикалық комбинация бағдарламада көрсетілген тәртіппен орындалатын элементтер мен қосылыстардың орындалуының қатаң міндетті сипатына ие. Жаттығуды орындау үшін қатысушыға бір ғана әрекет беріледі. Егер қатысушы қандай да бір элементті немесе қосылысты орындай алмаса немесе оны басқасына ауыстыра алмаса, бағалау бағдарламада көрсетілген бағаға төмендейді. Акробатикалық комбинация нақты басталып және аяқталуы керек, бірдей, динамикалық, негізсіз үзілістерсіз орындалуы керек.

Төрешілер акробатикалық комбинацияны орындау сапасын орындау техникасына қойылатын алдын ала келісілген талаптарды ескере отырып, мінсіз мүмкін болатын нұсқамен салыстырғанда бағалайды.

Акробатикалық комбинацияны орындаудың мүмкін болатын ең жоғары бағасы-10,0 балл.

Гимнастика 5-6 сынып

Акробатикалық комбинация	Бағалау
И.п. Аяқтың 3 позициясы, сол аяқ алда, қолды екі жаққа	
1- 2 сол аяқты алға, қолды екі жаққа, оң аяқты қою	1 балл
3- 4 сол аяқты алға, оң аяқ артқа аяқтың басына, оң қол алға	
5, 6 ,7,8 Оң аяқпен да	1 балл
9 -10 оң аяқтағы тепе-теңдік (ласточка) сол қол алдыға, оң қолды жаңына	1 балл
11- 12 сол аяқты жақындатып, қолды екі жаққа созу	1 балл
13- 14 сол жақ иықтан көлденең айналдыру	1 балл
15 -16 отырып тірелу	
17- 18 алға қарай серпіліп отырып тірелу	1 балл
19- 20 арқаға домалап, жауырынға тік тұру	1 балл
20 -21 арқада тұрып, иықтан айналып аунау, тізде аяқты бүгу (екі аяқтың біреуін)	2 балл
22-23 жартылай шпагат, қолдарды екі жаққа созу	1 балл

Ескерту: кішігірім қателіктер 0,3 балл, өрескел қателіктер 0,5 балл кемітіледі.

Гимнастика 7-8 сынып

Акробатикалық комбинация	Бағалау
И.п. Негізгі тұруы	
1- 2 оң аяқтан полькамен қадам, қолдары белде	1 балл
3- 4 сол аяқтан полькамен қадам, қолдары белде	1 балл
5- 6 аяқты көлденең, сол иықтың үстіне айналдыру	1балл
7 -10 екі рет алдыға домалап түсу, бүгілген күйде отырып тірелу	2 балл
11- 12 артқа домалап түсу, отырып тірелу	1 балл
13- 14 иықты тіреп тұру	1 балл
15 -16 тік аяқты сед тіреуінен алға еңкейіп, аяқ шұлықтарына қолмен тигізу	1 балл
17- 18 аяғы айқасқан, қолды тіремей тұру	2 балл

Ескерту: кішігірім қателіктер 0,3 балл, өрескел қателіктер 0,5 балл кемітіледі.

5.5. Жеңіл атлетика

5-6 класс: 60м жүгіру, орнынан ұзындыққа секіру, аяқты алшақ қою жағдайынан қашықтыққа екі қолмен толтырылған допты лақтыру (1 кг).

7-8 класс: 60м жүгіру, орнынан ұзындыққа секіру, аяқты алшақ қою жағдайынан отырған орнынан толтырылған допты лақтыру (1 кг).

Бағалау жазғы-Президенттік көпсайыс кестесі бойынша жүргізіледі.

5.6. Спорттық ойындар: (баскетбол, волейбол, футбол)

Конкурстық тапсырма "Дене тәрбиесі" пәні бойынша жалпы білім беретін мектептер бағдарламасына кіретін элементтердің комбинациясын орындаудан тұрады.

Баскетбол:

Комбинацияны орындау	Ұпай	Қателер	Бағалау
Бастапқы позиция – баскетболшының тұрысы	1 ұпай		
Кедергілерді (фишка) айнала отырып, допты жүргізу	1 ұпай		
Токтау-допты кеудеден серіктеске (мұғалімге) беру	1 ұпай		
Серіктесінен допты қабылдау	1 ұпай		
Жүргізу - 1 нүктеде тоқтау-сақинаға лақтыру-5-6 сынып; Жүргізу – қос қадаммен лақтыру-7-8 сынып.	1 ұпай		
2 - нүктеден сақинаға лақтыру	1 ұпай		
3- нүктеден сақинаға лақтыру	1 ұпай		
4 - нүктеден сақинаға лақтыру	1 ұпай		
Допты сақинадан қағып алу	1 ұпай		
Допты бастапқы позицияға түзу сызықпен жүргізу.	1 ұпай		

Ескерту: кішігірім қателер (-0,3) ұпай, өрескел қателер (-0,5) ұпай.

Волейбол:

Комбинацияны орындау	Ұпай	Қателер	Бағалау
Бастапқы позиция– волейболшының тұрысы (команда бір бағанға тұрады)- допты серіктеске (мұғалімге) беру	5 ұпай		
5 рет жоғарыдан 5 допты беру – серіктеске допты 5 рет (мұғалімге) төменнен беру және қабылдау			
Допты жоғарыдан (төменнен) тор арқылы беру (5 әрекет) 5-6 сынып. 6м қашықтықтан; 7-8 сынып үшін. 9м қашықтықтан.	5 ұпай		

Ескерту:

- допты беру: түсіріп алу (- 0,3) ұпай;

- допты соғып беру: алаңға түспеу (-0,3) ұпай.

Футбол:

Комбинацияны орындау	Ұпай	Қателер	Бағалау
Бастапқы позиция – бір аяқпен немесе екі аяқпен кезекпен 5-6 реттен кем емес доппен жонглерлік ету	1 ұпай		
Кедергілерді (фишка) айнала отырып, допты жүргізу	1 ұпай		
Мұғалімге пас беру (қабырға)	1 ұпай		
Мұғалімнен кері пас беру	1 ұпай		
1 нүкте – 5-6 сыныптар үшін. допты тоқтатып соғу; 7-8 сыныптар үшін допты қақпаға бірден соғу (пас алғаннан кейін)	2 ұпай		
2- нүктеден қақпаға соғу	1 ұпай		
3- нүктеден қақпаға соғу	1 ұпай		
4 - нүктеден қақпаға соғу	1 ұпай		
5 - нүктеден қақпаға соғу	1 ұпай		

Ескерту: жонглерлік ету:

- допты түсіріп алу (-0,1) ұпай;

- допты басқару: допты жіберіп алу (-0,1) ұпай; кедергілерді құлатып алу (-0,1) ұпай;

- қақпаға соққы беру: жіберіп алу (жанынан) (- 0,3) ұпай; қақпа бағанасына тию (-0,1) ұпай.

6. Жеңімпаздарды анықтау

6.1. Олимпиада жеке-командалық біріншілік ретінде өткізіледі, теориялық және практикалық бөлімдерде ұпай саны бойынша үш жүлделі орын анықталады.

6.2. Практикалық тапсырманың жекелеген жаттығуларын орындау кезінде бірнеше қатысушылар мен командалардың нәтижелері тең болған жағдайда оларға бірдей ұпай саны есептеледі.

6.3. Бірнеше қатысушылар мен командалардың ұпайлары тең болған жағдайда практикалық тапсырманың жеңімпазы және басқа қатысушылар мен командалар алатын орындар басымдылыққа сәйкес анықталады: гимнастика, жеңіл атлетика.

6.4. Теориялық тапсырманы орындау кезінде қатысушы мен команданың орны барлық қатысушылардың дұрыс жауаптарының санын салыстырумен анықталады.

6.5. Олимпиаданың жалпы командалық есебінде теориялық және практикалық бөлімде жинаған команданың ұпай саны жинақталады. Жеңімпаз, жүлдегерлер жинаған ұпайлардың ең көп сомасы бойынша анықталады. Жинаған ұпайлары тең болған жағдайда олимпиаданың практикалық бөлімінде үздік нәтиже көрсеткен командаға басымдық беріледі. Егер бұл жеңімпазды, олимпиада жүлдегерлерін анықтауға мүмкіндік бермесе, онда олардың орындары басымдық бойынша практикалық турды орындау нәтижесіне сәйкес анықталады: гимнастика, жеңіл атлетика.

7. Қаржылық шығындар

7.1 Олимпиадаға қатысушылардың шығындары (жол ақысы, тәуліктік ақысы, тамағы, жататын орыны) жіберуші мекемелер есебінен.

7.2 Олимпиаданы өткізуге байланысты шығындар:

- дипломдар, кубоктар, медальдар, кеңсе заттары, баннер дайындау;
- төрешілер, дәрігерлер мен қызмет көрсетушілердің еңбек ақысын төлеу;
- спорт кешенің, авто көлікті жалға алу ҰҒПДТО есебінен.

8. Марапаттау

8.1 Республикалық олимпиадасында 1,2,3 орын алған қатысушылар медальдармен, ҚР БҒМ ҰҒПДТО тиісті дәрежелі дипломдарымен марапатталады.

Байланыс телефондары:

- ҚР БҒМ ҰҒПДТО – Нұр-Сұлтан қаласы, Губайдуллин Нурбек Айтжанович (8 701 793 66 95);
- Бас төреші – Аяшев Садық Ықыласұлы (8 701 347 30 75).

Осы ереже жарысқа шақырту болып есептеледі.

«Дене тәрбиесі» пәні бойынша республикалық оқушылар Олимпиадасына
ТАПСЫРЫС

Облыс атауы: _____

(мектеп атауы)

№	Оқушының аты –жөні (толығымен)	Туған күні, айы, жылы	Сыныбы	Дәрігердің рұқсаты
1				
2				
3				
4				
5				
6				

Жетекшісінің аты жөні: _____
(аты-жөні, қолы, телефон нөмірі)

Дәрігердің аты жөні: _____
(аты-жөні, қолы)

Мектеп директоры: _____
(аты-жөні, қолы, мөрі)

Ескерту: Жалпы білім беретін мекеменің директоры мектеп командасына қатысушылар тізімінің дұрыстығына жеке жауапты болады.



**«Дене тәрбиесі» пәні бойынша оқушылар
Олимпиадасына қатысушының
ЖЕКЕ КАРТОЧКАСЫ**

М.О.

(мектептің мөрі фотосуреттің бұрышына басылады)

Мектептің атауы

Т.А.Ә.

Туған

жылы

Оқу орны

Мектеп директоры

(А.Т.Ә., қолы, мөрі)